

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 351 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда № 4368 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 26 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 26.01.2016 № 26 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 03.03.2014 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына, 238-бабының 3-тармағына сәйкес Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 03.03.2014 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары Е. Н. Поделоға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Е. Жаманов

Денисов аудандық
мәслихатының хатшысы

_____ А. Мұрзабаев
Денисов ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 25 қарашадағы

**Азаматтық қызметші болып табылатын
және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік
қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария
саласындағы мамандары лауазымдарының тізбесі**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 03.03.2014 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
 - 1) б а с ш ы ;
- 2) үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесінің (орталығы) меңгерушісі;
 - 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
 - 4) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
 - 5) жұмыспен қамту орталығының маманы.
2. Білім беру мамандарының лауазымдары:
 - 1) білім беру ұйымдарының барлық мамандықтар мұғалімдері;
 - 2) мектеп, мектеп-интернат директоры, интернат меңгерушісі;
 - 3) дене тәрбиесінің жетекшісі;
 - 4) мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі;
 - 5) жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және басқа да бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарындағы директордың оқу, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары ;
 - 6) әлеуметтік педагог;
 - 7) педагог-ұйымдастырушы;
 - 8) қосымша білім беру педагогы;
 - 9) педагог-психолог;
 - 10) аға тәрбиеші, тәрбиеші;
 - 11) музыкалық жетекші;
 - 12) аға вожатый;
 - 13) дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушысы;
 - 14) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация меңгерушісі;
 - 15) оқу-өндірістік (оқу) шеберхана меңгерушісі;
 - 16) зертхана, кабинет меңгерушісі;
 - 17) еңбек жөніндегі нұсқаушы;
 - 18) мәдени ұйымдастырушы;

- 19) әдіскер;
- 20) медициналық бике;
- 21) емдәм бике;
- 22) кітапханашы;
- 23) кітапхана меңгерушісі;
- 24) алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушысы.
3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:
- 1) басшы, директор;
- 2) басшының, директордың орынбасары;
- 3) көркемдік жетекші;
- 4) музыкалық жетекші;
- 5) аккомпаниатор;
- 6) барлық атаудағы суретші;
- 7) жабдықтарды (жарықты, жобалаушы, аудио-бейне) пайдалану жөніндегі
техник (оператор);
- 8) кітапханашы, библиограф;
- 9) мәдени ұйымдастырушы;
- 10) ұжым (үйірме) жетекшісі;
- 11) әдіскер.
4. Спорт мамандарының лауазымдары:
- 1) басшы;
- 2) басшының орынбасары;
- 3) нұсқаушы, нұсқаушы-әдіскер;
- 4) әдіскер;
- 5) жаттықтырушы.
5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:
- 1) эпизоотолог;
- 2) ветеринарлық дәрігер;
- 3) ветеринарлық фельдшер.